

Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2014 жылға арналған төлемақы ставкаларын бекіту туралы

Құшын жойған

Қостанай облысы мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 229 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 27 қаңтарда № 4419 болып тіркелді. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - (Қостанай облыстық мәслихаты аппаратының 2015 жылғы 26 ақпандағы № 66 хаты)

Ескерту. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - (Қостанай облыстық мәслихаты аппаратының 26.02.2015 № 66 хаты).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 38-бабының 5)-тармақшасына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы кодексінің 487-бабының 1-тармағына сәйкес Қостанай облыстық м ә с л и х а т ы

Ш Е Ш Т І :

1. Қоса беріліп отырған жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2014 жылға арналған төлемақы ставкалары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

А. Жалғасов

мәслихатының хатшысы

Қ о с т а н а й о б л ы с т ы қ
С. Ещанов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қостанай облысы әкімдігінің
қаржы басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ С. Аймұхамбетова

"Қостанай облысы әкімдігінің
табиғи ресурстар және табиғат
пайдалануды реттеу басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Қ. Төлеубаев

"Қостанай облысы әкімдігінің
экономика және бюджеттік жоспарлау

_____ Г. Кисленкова

М ә с л и х а т т ы ң

2013 жылғы 24 желтоқсандағы

№ 229 шешімімен бекітілген

**Жер үсті көздеріндегі
су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2014 жылға
арналған төлемақы ставкалары**

№	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы ставкалары (теңге)
1.	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	1 000 текше метр	92,49
2.	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса есептегенде	1 000 текше метр	263,82
3.	Ауыл шаруашылығы	1 000 текше метр	72,78
4.	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	1 000 текше метр	72,78
5.	Су көздерінен балық аулайтын балық шаруашылығы, тұтынушылар	1 тонна	188,01